

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И АНТРОПОЛОГИИ

**«ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН
ЭТНОЛОГИЯСЫ» атты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына
және А. Б. Қалыштың 60 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

29 наурыз 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-теоретической конференции
«ТРАДИЦИОННАЯ И СОВРЕМЕННАЯ
ЭТНОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА»,
приуроченной к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби
и 60-летию А.Б. Калыша**

29 марта 2014 г.

MATERIALS

**of the International Scientific and Theoretical Conference
«TRADITIONAL AND MODERN ETHNOLOGY
OF THE KAZAKHSTAN»
dedicated to the 80'th anniversary
of al-Farabi Kazakh National University
and 60'th anniversary of Amanzhol Boranbayuly Kalysh**

March 29, 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ
АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И АНТРОПОЛОГИИ

«ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН
ЭТНОЛОГИЯСЫ» атты

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына
және А. Б. Қалыштың 60 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

29 наурыз 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции
«ТРАДИЦИОННАЯ И СОВРЕМЕННАЯ ЭТНОЛОГИЯ
КАЗАХСТАНА»,
приуроченной к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби
и 60-летию А.Б. Калыша

29 марта 2014 г.

MATERIALS

of the International Scientific and Theoretical Conference
«TRADITIONAL AND MODERN ETHNOLOGY
OF THE KAZAKHSTAN»
dedicated to the 80'th anniversary of al-Farabi Kazakh National University
and 60'th anniversary of Amanzhol Boranbayuly Kalysh

March 29, 2014

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

Редакция алқасының төрағасы

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Редакциялық алқа:

М.М. Бүркітбаев – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
бірінші проректоры, х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

Т.С. Рамазанов – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық
жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

Ж.Қ. Таймағамбетов – тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.д.,
профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

М.Ш. Эгамбердиев – археология, этнология және музеология кафедрасының ғылыми-
инновациялық жұмысы жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., доцент

Жауапты редакторы

Ж.Қ. Таймағамбетов – тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.д.,
профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

Құрастырушылар:

Н.Ю. Сойкина, Ә.И. Исаева, Е.К. Рахимов

«Дәстүрлі және заманауи Қазақстан этнологиясы» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
80 жылдығына және А.Б. Қалыштың 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық кон-
ференция материалдары. 29 наурыз 2014 ж. / құраст.: Н.Ю. Сойкина, Ә.И. Исаева, Е.К. Рахимов;
жауапты ред. Ж.Қ. Таймағамбетов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 395 б.

ISBN 978-601-04-0442-7

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына және археология, этнология және музеология кафе-
драсының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Боранбайұлы Қалыштың
60 жылдығына орайластырылған жинаққа отандық этнологияның дәстүрлі және заманауи мәселелерінің түрлі
аспектілеріне арналған баяндамалар мен зерттеулер енген. Жинақ материалдары этнологтарға, тарихшыларға
және қалың бұқараға арналған.

Материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной 80-летию КазНУ им. аль-
Фараби и 60-летию заведующего кафедрой археологии, этнологии и музеологии, доктора исторических наук,
профессора А.Б. Калыша, включают доклады и сообщения, затрагивающие проблемы традиционной и
современной отечественной этнологии. Материалы сборника предназначены этнологам, историкам и широкой
общественности.

2008 жылғы басылым
Жүрекке найза енгенде,
Ауыздан қаны атылды.
Сонда басын алады,
Тездетіп ол жүгіріп,
Қара атқа барады.
Ханы оның өлген соң,

1964, 1977, 1989, 2005 жылғы басылым
Жүрекке найза енгенде,
Ауыздан қаны төгілді.
Қалмақтың басын Қарадөң
Қылышпен кесіп алады.
Хан өлгенін білген соң,

2008 жылғы басылым бойынша Қарадөң батыр қалмақ ханының қылышпен кескен басын алып атына мінсе, 1989 жылғы басылымда ханның кесілген басын екінші рет кескен болып шығады.

1989 жылғы басылымда баспадан кеткен қатерге байланысты 188-беттің басында келуі тиіс «Көрді алып талайды. Аты жүйрік би мен бек» деген екі жол 189-бетке ауысып басылған. Кейін баспа тарапынан жіберілген осы қателік 2005 жылғы басылымда өзгеріссіз қайталанған. 1964, 1977, 2008 жылғы басылымда «Қайда отырып, жүрейін» және «Жел болған күн панамыз» деген жолдардағы көрсетілген сөздер 1989, 2005 жылғы басылымда «тұрып», «анамыз» болып басылған. Бұдан 1989 жылғы басылымдағы мәтін еш өзгеріссіз 2005 жылы қайталанып отырғанын байқаймыз.

Мәтіндегі текстологиялық ауытқулардың табиғаты әр алуан, мағыналық өзгеріске түскен өлең жолдары мен грамматикалық алмасуларға ұшыраған тұстары да кездеседі. Мысалы: *Жүзі қанға тоймайды. – Жайратпай еш қоймайды*; *Топтан шықты бір қара – Топтан шығып бір қара*, *Келе тұра қалады. – Қарсы тұра қалады*; *Қарсы топқа ұрынып – Қарап топқа тұрасың*; *Өлімнен тіпті ойың жоқ. – Өлімнен қорқар түрің жоқ*; *Жасы кіші баладан, Жасымды мен ол бұлдап*, *Кезегімді аламын – Жасы кіші қарағым, Үлкендігім бар еді*, *Кезегімді аламын*; *Қолында бар ақ семсер – Қолындағы ақ семсер*; *Өзің де – жас баласың – Өзің жас-жас баласың*; *Бізіңменен тең бе едің? – Біз бенен сен тең бе едің?* болып жарияланып келген.

Жырдағы эпикалық дүшіан – қалмаққа батырдың аузынан айтылған қарғыс мәндегі сөздер өзгертіліп берілген: «Атаңа нәлет қалмақтың – Қаптап келген қалмақтың» немесе қалып қойған: «Атаңа нәлет, ит көуір». Жауды жеңгеннен кейінгі «Қаланың аузын қандатты, Шарбақтың ішін шандатты ... Қаланы алып болған соң, Мұсылман қылды діндерін» деген секілді формулалы суреттемелер бұрынғы басылымдарға енген.

Сонымен жыр мәтініндегі кейбір сөз орамдары, сөйлемдер өзгерген, ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктері сақталмай, әдеби нормамен алмастырылған тұстары бар. Салыстыру нәтижесінде кеңестік кезеңде фольклорлық мәтінді жариялаудағы орын алған өзгерістер, түпнұсқаны сақтамау себептері көрсетілді. Эдициялық текстология, яғни жыр басылымдарының текстологиясы тұрғысынан біршама өзгерістердің орын алғаны анықталды.

Ақсауыт. Батырлар жыры. 2 томдық. 2 том /Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған О.Нұрмағамбетова. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. 50-том. Қырымның қырық батыры /Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған С.Сәкенов. – Астана: Фолиант, 2008. – 464 б.

Батырлар жыры. 3-том /Құрастырғандар М.Ғұмарова, О.Нұрмағамбетова, Қ.Сыдықов, Б.Уақатов. – Алматы, 1964. – 540 б.

Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық: Батырлар жыры. Т.5 /Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазғандар О.Нұрмағамбетова, Қ.Сыдықов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

Қырымның қырық батыры. Ноғайлы жырлары /Құрастырған Қ.Сыдықұлы. – Алматы: Арыс, 2005. – 544 б.

Б.Ш. Солтиева

өл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АСПАН ДЕНЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада қазақ халқының астрономиялық білімдерінің ерекшеліктері баяндалады. Қазақ халқында есепшілер жұлдыздар арқылы ауа-райын болжай білген және малшаруашылығы мен егіншілікке де қатысты халықтық білімдерін жетілдірген. Мақалада сонымен қатар жұлдыздарға қатысты ырымдар келтірілген. Мұнда жұлдыздардың тууы мен батуы қазақ халқының өмірі мен тіршілігінде, шаруашылығы мен дүниетанымдық көзқарастарында ерекше орын алған. Аспан денелері халқымыздың өмір сүруінің факторы болып есептелген. Аспан әлеміндегі жұлдыздың қазақтар өміріндегі орнының ерекшелігі сондай, есепшілер өз жорамалдарын жұлдыздарға қарап болжағаны туралы да қарастырылған.

Қазақ халқы ежелден-ақ күн, ай, жұлдыздар бойынша ауа райыны тәуелсіз астрономиялық негізі бар күнтізбе жасаған. Табиғат құбылысының тосын жағдайларынан халқымыздың өмір сүру тәсіліне, мал бағу кәсібі мен диханшылық өміріне байланыстыра отырып жинақталған білім жүйесінің негізінде күнтізбе жасап, оны ежелден пайдаланып келеген. Аспан құбылыстарының қайталану заңдылықтарын бақылау нәтижесінде уақытты есептеудің әр түрлі жүйесін игерген.

Дүние жүзіндегі халықтарда көптеген күнтізбелер бар. Календарь атауы – Ежелгі Римді мекендеген латын халқының «календы» деген сөзінен шыққан. Оларды үлкен үш типке жинақтаған. Біріншісі Шәмсия типі, бұл «күнтізбесі» деп аталады, екіншісі Қамариа типі, яғни «Ай күнтізбесі». Мысалы, Хижа мұсылман күнтізбесі. Үшіншісі «Шәмсі қамариа» типі, бұл Күн мен Айдың біріккен күнтізбесі. Мысалы, қытай халқының күнтізбесі. Қазақ, монғол, тибет халқының ескіше күнтізбесі де осы типке жатады. Мұсылман күнтізбесі Хижа – Ай күнтізбесі (қамариа) типіне жатады [1, 51-52 бб.].

Қазақ халқында ежелден келе жатқан сенімдердің бірі – көкке сену. Көк ұғымы – «тәңірі (құдай)» ұғымымен пара-пар болған. Адамның басына қиын жағдай туғанда: «Е, тәңірім қолдай гөр!», «Тәңірім жарылқай гөр!» деген жалбарыну сөздері арналса, біреуге ризашылық «тәңірі жарылқасын», «тәңірі риза болсын» деген сөздермен берілген [2, 200-210 бб.]

Шамандық сенімде болған ата-бабаларымыз Күнге, айға, тылсым табиғаттың түсініксіз күштеріне табынған. Негізінен қазақтар дүниетанымындағы шамандық көзқарас табиғатты құрметтегендіктен пайда болған. Қазақтардың айды, жұлдыздарды құрметтеуі оларды Көк Тәңірінің ажырамас бөлшегі деп қабылдауынан туындаса керек. Халықтың аспан әлемі туралы танымында көкте 12 ай, оның қарсысында 12 жұлдыз орналасып, «Айдың Үркер ұлы, Шолпан қызы, Тауыс болмай қатпайды жердің мұзы» саналған. Жұлдыз ай – ай санаудың бұл жүйесі Күннің бір жылдық көрінерлік жолдың бойына орналасқан 12 зодиак (шоқжұлдыз) көмегіне сүйенген.

Қазақтар әр адамның жұлдызы бар болатынына және адамның өмірінің ұзақтығы сол жұлдызының аспанда тұруымен өлшенетініне сенген. Сондықтан жұлдыздың ағуын адамның өліміне өкелетін себепке теңестіріп, аққан жұлдызды көзі шалса, «жұлдызым жоғары» деп тәңірден өмір тілеген. Бақытты адамдарға «жұлдызы жанған», «жұлдызы жарық» адам деп сипаттаған, кей уақыттарда суға кетіп, өлу қаупіндегі жатқан адамды кешке дейін, яғни жұлдызын көргенге дейін ұстаған. Мұндай халде жатқан адамның жұлдызын көрген сәтте тіріліп кететініне сенгендіктен осындай рәсім жасаған болатын, яғни қазақтар жұлдыздарға табынып, қасиетті санаған [3].

Қазақ халқының өзіндік күнтізбелік санаулары болған. Қазақ күнтізбесінің негізгі аспандағы жұлдыздардың тууы мен бату қозғалыстарына орай қалыптасқан. Жұлдыздар тек уақытты белгілеушілер ғана емес, сонымен қатар бағдаршы қызметін де атқарған. Қазақша жұлдыз атауларының ішінде көне түркі заманынан ұмытылмай, атын өшірмей сақталып келе жатқан Жетіқарақшы, Үркер, Сүмбіле, Темірқазық және Шолпан жұлдыздары.

Қазақ ең далада жүргенде, табиғат белгілеріне қарап жолын бағдарлап отырған. Баратын жеріне, адаспай жетуіне жұлдыздардың көрсеткен жолы көмектескен. Ел аузында Темірқазық –қазақтардың құбылнамасы, бағзы заманнан бері осы жұлдызға қарап құбыланы табады, ең далада адаспай жүру үшін осы жұлдызды белгілеп жүретін болған. Темірқазық жұлдызы түнде жүрген жолаушыларға компас іспетті қызмет атқарған. Жолаушылар соған қарап жүрер жолын бағыттап отырған. Қыс болсын, жаз болсын ол бір орнынан қозғалмай, аспанның дәл ортасында тұратын, яғни айнымайтын жұлдыздың бірі. Басқа жұлдыздардың бәрі туады, батады, айналады, жерге түседі. Сондықтан оны халық темірдей қадалған мызғымас қазықтай етіп елестеткен. «Оның себебі қасындағы Ақбоз ат пен Көкбоз ат атты екі жұлдыздың жылқыға ұқсап, Темірқазықты айналып қозғалуында жатса керек» - дейді Шоқан Уәлиханов [4, 61-62 бб.]

Әр жұлдызға қатысты тарихы, аңызы халық арасында айтылатын болған. Айдан кейінгі елеулісі – Жетіқарақшы шоқжұлдызы. Жетіқарқшы көкжиекке батпайтын жұлдыз, ол тек бір тәулікте Темірқазықты бір айналып шығады. Ол жеті жұлдыздан тұрады. Сол жетеудің тортөуі ожаудың басы сияктанып, ал қалған үшеуі оның сабы сияқты болып келеді. Ай көрінбес сағаттарда айрықша көзге түсіп, аз болса да, жарық беретін, жалғыз жүрген адамдарға ес, сүйеу болады. Ол күндіз де жүреді. Жетіқарақшы шоқжұлдызы бастапқыда жеті ұры болған екен. Күйдіз ұрлық істеп, кешке күнәларын кешуді тәңірден сұрап жалбарынғандықтан жұлдыздарға айналған делінеді. Аңыз бойынша бұл жұлдыз Жетіқарақшының рухы, олар өлген соң жеті жұлдызға айналған. Тағы бір аңызда Жетіқарақшы ұрлаған Үркердің қызы болғандықтан, Үркер Жетіқарақшыдан қызын ұрламаққа жақындайды. Жалпы үркерге қарап халық түннің қайсысы уағы, қай жыл мезгілі екенін анықтай алатын болған. Сон-

дықтан да халық арасында Жетіқаракшыны таныған жеті түнде адаспас дейді, яғни елді күзетіп, халықты жыртқыш аңдардан, жын-шайтандардан қорғап, қорып тұрады деп түсінген. Ертсеректе шаруалар Жетіқаракшыға қарап, түн мезгілдерін де ажырататын болған [5, 78-80 бб.].

Жетіқаракшыға үкесі кішірек тағы да бір «шөміш» бар. Ол жеті жұлдыздан құралған, көбінесе Кіші қаракшы деп аталады. Жеті қаракшы жұлдызы бойынша Кіші қаракшыны табу қиын емес, өйткені екеуі бір-біріне жақын орналасқан, яғни бірге туып, бірге батады. Жетіқаракшы жұлдызының басы оң жаққа, сабы сол жаққа қараған болса, Кішіқаракшы жұлдызының басы керсінше сол жаққа, сабы оң жаққа тұрады [6, 212 б.].

«Торнак» шоқжұлдызының құрамындағы жыпырлап, бір-біріне өте жақын орналасқан бір топ жұлдызды «Үркер» дейді. Қазақтардағы едәуір танымал жұлдыздарының бірі.

Қазақ есепшілері Үркердің тууы мен батуын үнемі қадағалап, бақылап отырған, шаруашылық маусымдары соған сәйкестендірілген. Үркердің өзіне тән ерекше қасиеті көкке жоғары өрлеген сайын күн суытып, ал төмендеген сайын жылына бастайды. Осындай ерекшеліктерін байқаған халық танымында «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген түсінік бар. Үркер жерге түскенде, яғни көктен мүлде көрінбейтін кезі жаз мезгілінің келгенін білдіреді. Бұл шақты халық «Үркер жерге түскен кез» деп атайды. Үркер жұлдызының бұлай аталу себебі, аңыз бойынша Жетіқаракшы шабуыл жасаған кезде үркіп кетіп, содан Үркер деп аталған екен. Халық түсінігі бойынша үркерге қарап, түннің қай уақыты екенін және жылдың қай мезгілі екенін де анықтап білуге болады. Үркерді ашық шаңырақтан көрсен, қыстың басы басталғанын, ал іңірде, «жамбаста» (жерге таяу-төмен) көрсес, жаз мезгілінің басталғанын білуге болады. Халықтың «Үркерлі айдың бәрі қыс» дегені осыдан болса керек [7, 27 б.].

Маусым айының басында үркер мүлде көрінбей кетеді. «Үркердің батуы» деп осыны айтады. Осыдан кейін 40 күн шілде басталады. Халық жұлдызшылары мен есепшілері «Үркер жерге түспей жер қызбайды» - дейді. Мамыр, маусым, шілде айының басында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптапты күндерге орай халық арасында «қырық күн шілде» деп аталатын халықтық календарлық атау пайда болған. Үркердің толғағы аталатын мал-жанға жайлы кезең шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды. Жыл мезгілдеріндегі табиғи ерекшеліктерді Үркер жұлдызының қозғалысына қарап анықтаған. Үркер құрғақ жерге түссе, аңызак жел көп болып, қуаңшылық болады. Үркер тасқа түссе, шілдіңірі қатты ыстық болады, Үркер жерге түсерде қой қыркылады [8, с. 19].

Сонымен байырғы есепшілер аспан аясында Аймен кездесетін жұлдызды тапқан. Ол – «Қамбар жұлдызы». Қазақтар сегіз жарық жұлдыздан тұратын «Қамбар» жұлдыз тобын өте жақсы білген. Бұл жұлдыз күз айларында туып, көктем айларында батады. Қамбар жұлдызы көк жүзінде аймен бес рет кездеседі, яғни есепшінің тілімен айтқанда бес рет тоғысады. Алғашқы тоғыс қазан айында өтеді. Қамбар жұлдызымен Ай өзінің тоғыс жаңасында тоғысады. Сондықтан осы айды тоғыздың айы (қазан) деп аталады. Одан кейін ай Қамбармен өзінің жеті жаңасында тоғысады. Бұл айды жетінің айы (қараша) деп аталады. Айдың Қамбармен бес жаңасында тоғысуын бестің айы (желтоқсан), үш жаңасында тоғысуын үшгің айы (қаңтар), бір жаңасында тоғысқан бірдің айы (ақпан). Қамбар жұлдызы біреуге атылуға дайын тұрған арыстанның бейнесін көрсетеді [9, 14 б.].

Қазақтар «Орион» шоғыр жұлдыздарына ерекше көңіл бөліп, оны әр алуан «Арқар жұлдыз», «Үш арқар», «Таразы», «Шідер жұлдыз» деп те атаған. Бірақ бұл шоқжұлдызды қазақтардың көпшілігі Таразы дейді, «Таразы» парсының «таразық» (өңшеуші) сөзінен шыққан. Таразыны Қазақстанның кейбір облыстары Шідер жұлдызы деп те атайды. Бұл шоқжұлдыз ромбы сияқты. Шідер Үркерден 20 күн бұрын батып, 20 күннен соң шығады, яғни әр жылы ол 80 күн көрінбейді. Шілде айының аяғына қарай Таразы жұлдызының тууы жаздың өтіп, қатты ыстықтың кайтқанын байқауға болады.

Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз ныпаны біліне бастайды. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың шығуына қарап: «Таразы туса – таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдаған. Осы кезеңді таразының тууы деп атайды [2, 22-23 бб.]. Қазақ елі «Сириус» шоғыр жұлдыздарын «Сүмбіле» деп атайды. «Сүмбіле туар сүмпиіп, ат семіреп күнтыйып» деген мақалда Сүмбіле туған соң жаз айы аяқталып, мал тыныштығын алатын шыбын-шіркей жоғалады. Шөптер пісіп, құндылығы артып, мал семіріп, жүндері жылтырай түседі. «Сүмбіле туса су суыр» деген сөз егін орып, отын-су жинап, жылы үй дайындап, қыстың қамын ойластырған. Бұл Орионның көкжиектен шығуы, жаздың аяқталғанын көрсетеді, яғни таңертең күн салқындай бастайды, ал Сүмбіле туғанда түнге қарай су қатты салқындайды [8, с. 17].

Қазақтардың айтуы бойынша, «Есек қырған» немесе Сары жұлдыз «Қыдырма жұлдыз» қатарына жатады. Есекқырған сарғыш түс беретін үлкен жарық жұлдыз, ол түннің кез келген уақытында, оң-түстіктен, батыстан және шығыстан көрінеді. Сондықтан да оны Шолпан жұлдызымен жиі шатастыратын болған. Осы жұлдыздарға байланысты айтылған аңыз бар. Жолаушылар кешке бір жерге

тынығып, сол жерге қонады. «Түннің бір уағында далаға шыққан қонақтардың біреуі аспаннан таң жұлдызындай жарқыраған жұлдызды көргенде, Шолпан жұлдызы туған екен деп жаңылып, серіктестерін ай-шайға қарамай ұйқыдан оятып, жолға шығып кетеді. Жаздың күніндей тамылжып тұрған ауа райы әп-сәтте бұзылып, алай да дүлей боран соғып, қар жауып сала береді. Жол таба алмай айдала түнімен адасқан керуеншілердің алдымен жүк артқан есектері, артынан өздері суықтан үсіп өліпті. Міне, содан бері сол түні туған жұлдыз – «Есекқырған», ал жыл мезгілі – «Бесқонақ» деп қайтыс болған бес адамның санымен аталып кеткен екен. Наурыз айының соңы мен сәуірде боран соғып, жаңбыр жауып ауа-райы құбылса “бесқонақ” басталды, - дейді. «Бесқонақ» деп сәуір айында түсетін жаңбырлы суық күндерді айтады, бес күнге созылады. Есекқырған жұлдызы бойынша қыс мезгілінде қазақтар ауа райын айта алатын болған. Егер шығыс жақтан Есекқырған жұлдызы жоғары көтерілсе, қазақтар аязды ауа райын күткен, ал егер төмен түссе, ауа райы жылы болады деп сенген [9, 15 б.].

Қазақтардың көшпелі шаруашылық өмірі Шолпан планетасының қозғалысына байланысы жылдың әр мезгілінде әр түрлі анықталған. Шолпанның жазғы кезеңде таң атарда Шығыстан көрінуіне «Таң шолпаны», «Таң жұлдызы» деп қуанатын болған. Шолпан жұлдызы – таңғы жұлдыз. Бұл жұлдыз күн шықпас бұрын малды жайылымға айдап кеткен кезде немесе малды жайылымнан айдап келген кезде күн батқанда көрінетін болған. Сондықтанда оны «Шолпан (немесе Шопан) жұлдызы – «Бақташы жұлдыз» деп аталған. Бақташы жұлдыз туғанда қазақ малшылары қойды түнемеге, қотанға айдап келген [8, с.15]. Құс жолы, жұлдыздардың бойымен жыл құстары көктемде ұшып келеді, күзде ұшып кетеді. Оңтүстік қазақтары Құс жолын «Сабан жолы» деп те атайды. Қазақ қауымы аспан өлемін бақылау арқылы «құс жолы», «құйрықты жұлдыз», «ақпа жұлдыз» және «кемпір қосақ» жайында жақсы білген.

Қазақ есепшілері жылдың айларын дұрыс есептеу үшін айдың қозғалысын үнемі бақылап отырған. Қазақтардың аспан денелеріне, табиғат күштеріне сенген және «От, Ай, жұлдыз» қазақтардың қасиет тұтатын болған. Қазақ халқының Айды қастерлеуіне мұсылман дінінің әсері де болған. Жаңа айды көрген қазақтар: «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке», - деп бата қылған және айға қарап иіліп сәлем берген.

Ай – көне түркі дүнитанымында сұлулық, нәзіктік, арулық таңбасы. Ш.Ш.Уәлихановтың тұжырымдамасы бойынша, қазақтар Айды көктегі құдай ретінде санаған. Қазақтар Ай мен Күнді қосып тұрған сызықты адамдардың «қасиетті жолына» баламалаған. Қазақ халқы табиғаттың осы құбылыстарын байқап, сақтанып, тұрмыс-салтында соған орай түрлі ырым жасап отырған. Мысалы, «Айдың тік туғаны халыққа жайлы, шалқасынан туғаны өзіне жайлы», «Ай қырынан туса, айбалтанды сайла, Ал шалқасынан туса күрегіңді сайла», «Ай сәулесінің астында ұйықтама», «Жаңа туған айды саусағыңмен нұсқама» және т.б. ырымдар бар [9, 22 б.]. Жаңа Айға тағзым ету, әйел болса Айға қарап баласының бетінен сүйіп, екі қолын қуыстырып тағзым еткен, жалбарынып бата қылып ырымдарын өсіресе ұлғайған адамдар арасында көптеп кездесетін болған.

Ай көрдік, аман көрдік,

Ат басындай гауһар көрдік.

Келер Ай, келер жылдан аман сақта, - деп қазақтар әрбір жаңа Айға бата қылып, бала-шағаларына, малына, халыққа амандық тілеген [5, 30 б.].

Ежелгі халықтардың қайсысы болса да астрономиялық білімдерін Күннен бастаған. Өйткені жердегі тіршілік күннен байланысты. Қазақ халқының қадір тұтып, қасиет санайтын жұлдыздарының арасында Күннің орны ерекше. Қазақтармен қанаттас өмір сүрген, шаруашылығы қазақтың шаруашылығына ұқсас қалмақтардың Күнге жасайтын батасы болған: «Күнді тапқан кокке рахмет, шөпті шығарған Күнге рахмет, төрт түлікке азық болған шөпке рахмет». Бұл түсінік бойынша қазақтардың «Көктен береді, жерден иеді» деген мақалы бар [2, 12 б.]

«Қазақта жолаушы елсіз далада қонуға мәжбүр болғанда, міндетті түрде түнеуге қоршалған орынды таңдайды, егер жақын жерде мұндай орын жоқ болса, онда ұйықтар алдында ол өзінің айналасын дөңгелетіп шеңбер сызып тастайды», - деп жазады Ә.Т. Төлеубаев [10, с.11]. Мұндағы күн формасындағы шеңберге жын мен шайтаннан, торуылдаған пері мен жайсыз күштерден қорғайтын магиялық қызмет артылатын болған.

Қорыта келгенде, қазақтың этнографиялық мәдениетінің ең бір тылсымды, құпиясы көп саласының бірі – күнгізбесі аталған аспан денелері мәселесі. Қазақ халқы күн мен айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздарың туатын және бататын кездерін жақсы білген. Соның негізінде байтақ далада жол тауып, жыл мезгілдерін айырып, мал алу мерзімдерін біліп, уақытты есептеп отырған.

1. Әбутәліп О.М. Мұсылман күнтізбесі // «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің көшбасшысы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 30 б.
2. Исаков М. Қазақтың байырғы календары. – Алматы, 1960.
3. Егемен Қазақстан. – 2005. – 8 шілде.
4. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – 4 т. – Алматы, 2010.
5. Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы, 2009.
6. Исаков Х. Халық календары. – Алматы, 2009.
7. Қазақ мәдениеті тарихының очерктері. Оқу құралы. – Алматы, 2005.
8. Абишев Х.А. Элементы астрономии и погода в устном народном творчестве казахов. – Алма-Ата, 1949.
9. Нұрғалимова Г.С. Қазақ халқының күнтізбесі. – Алматы, 2002.
10. Толубаев А.Т. Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). – Алма-Ата, 1991.

Баймухамедова Д.А.,
научный сотрудник КазНУ имени аль-Фараби

КАЗАХСКИЕ МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О СОЗВЕЗДИИ УРКЕР

Резюме. В докладе приведен анализ казахского астрального мифа о созвездии Уркер (Плеяды), определено его мифопоэтическое значение в традиционном мировоззрении казахов.

Ключевые слова: Уркер, астральный миф, традиционное мировоззрение казахов.

Кочевой уклад жизни казахов способствовал развитию народных астрономических знаний. Практически каждый кочевник хорошо знал расположение звезд и созвездий на небе, их движение, время и место появления и заката в разные сезоны года и применял свои астрономические познания на практике. От времени и места их появления на небе определяли погодные изменения, от которых в свою очередь зависела хозяйственная деятельность. Очень удобным для ориентации во времени и пространстве было созвездие Плеяд – Уркер. В этом созвездии зоркий глаз различает 6 или даже 7 звезд, практически всегда, за исключением самых коротких ночей лета (с 10 мая по 20 июня), можно видеть на ночном небе, кроме того это созвездие никогда не меняет своего направления, движется строго с востока на запад [1]. Циклическое движение Плеяд по отношению к Луне помогало казахам точно определить дни и месяцы года. Луна в своем движении 11 раз в году встречалась с Уркер, и еще два раза прибавляли в период, когда Плеяд не видно на небе. Встречу Луны с каким-либо созвездием у казахов понимается как «тоғысу» - слияние. Счет тоғысов стал основой лунно-звездного календаря казахов, согласно которому счет звездных (сидерических) месяцев года шел по циклам возвращений Луны к созвездию Уркер. По «плеядному» календарю в году было 13 месяцев [2]. В разные сезоны года Уркер меняет свое положение. Хорошо зная особенности Плеяд, можно было не только определить месяц года, но и стороны света и приблизительное время ночи. В быту движения Уркер казахи связывали со сменой сезонов года. Знание предстоящей погоды было очень важным для хозяйственной деятельности кочевого общества, поэтому в народе внимательно вели наблюдение за созвездием. Считалось, что если Плеяды и Месяц при встрече будут находиться далеко друг от друга, то погода будет благоприятной для скота. Или же если Уркер, приближаясь к земле, отражался в воде, либо шел дождь, это воспринималось как хороший знак будущего дождливого лета, а если спускался на степь, то готовились к засушливому сезону [3, с. 92].

Казахи говорили: «Уркер жұлдыз ағасы», то есть, Уркер – старший брат всех звезд [3, с. 81]. Считалось, что перемены погоды зависят от движения Уркер по небу. Само движение этого созвездия по небу объяснялось «языковой» мифологией как его перекочевка – *Уркердің аулы көшеді* [4, с. 130]. Движение Уркер казахи описывали следующими терминами: *Уркердің тууы* – рождение, *көкке шығуы* – поднялся ввысь в небо, *жерге түсуі* – сошел на землю. В мифологическом значении эти термины воспринимались как его воскрешение и смерть. Рождение Уркер совпадало с июньским солнцеворотом и, по приметам казахов, сопровождалось ветром и дождем, что в народе символизировало переход и начало подготовки к холодному сезону. Пока Уркер постепенно поднимался, на земле наступали холода, и в самый холодный период, с середины декабря, оказывался высшей точки звездного неба, это называлось «Уркердің көкке шығуы», здесь Уркер достигал центра мира. Затем Уркер начинал опускаться в западном направлении и к началу мая сходил на землю, знаменуя